

## Хаттама №1

Тамыз, 2023 жыл

### Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы

Қатысуға тиісті – 10 мұғалім

Қатысканы – 9

#### Күн тәртібінде:

1. Өткен оқу жылының қортындысы Жолдасова А
2. Бастауыш пән бірлестігінің 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу, тәрбие күнтізбелік жоспарларын бекіту, сағат жүктемелерін нақтылау.
3. Тіл апталығына жоспар жасау

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестігінің жетекшісі Жолдасова А Өткен оқу жылына тоқталды. Ондағы атқарылған жетістіктер мен кемшіліктерді айтып өтті. оқу жылы басындағы жазба жұмыстары мен тоқсан соңында алынған жазба жұмыстарының салыстырмалы көрсеткіштерімен таныстырды. Сонымен қатар жаңа оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Енгізілген өзгерістерді мұғалімдер талқылады.

**Екінші** мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарлары талқыланды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жоспарларын бекіту жөнінде ктж талданып, қаралды. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша балаларды бағалауда көптеген өзгешеліктер бар екендігіне тоқталды. Бағалаудың түрлері мен электронды журналмен жұмыс жасау үлгісін көрсетті. «Бөйге білім» танымдық сайыс оқушылар арасында сайыс өткізу туралы ой тасталды. Дарынды оқушыларға жеке талпырма беру. Барлық пән бойынша жан-жақты дайындауға талпырма дайындау қажет. Барлық мұғалім қолдайтындығын айтты.

**Үшінші** мәселе бойынша Жас мамандардың үздіксіз білім берудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету және әр түрлі қиындық келтіретін мәселелерді шешу амалдарын көрсету, қиындықтардан өтуіне көмек беру; Озық тәжірибелермен танысып, жаңа технологияны үйреніп, практикада қолдануға ықпал ету. Шығармашылық ізденіске баулу мақсатында тәлімгер ұстаздар тағайындау мәселесі талқыланды.

Тіл апталығына жоспар жасалды. Өз деңгейінде оқушыларды тегіс қатыстыруға тырысу керек.

**Ағымдағы мәселелер** Күнделік КЗ уақытында толтыру керектігі айтылды. Сондай ақ оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формасын сақтап жүруін қадағалау қажеттігі ескертілді. Оқулықты күтіп, таза ұстау

#### Ақбастау жалпы орта мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы қаулы етеді:

1. Жоспарға сай іс - шаралар уақытында өткізілуі әр сынып жетекшісіне жүктелсін.
2. Оқулықтардың таза, сапалы ұстау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
3. Жас мамандармен жоспар бойынша жұмыс жүргізу тәлімгерлерге жүктелсін.
4. Осы шешімнің орындалуы бірлестік жетекшісі Жолдасоваға жүктелсін.

Бастауыш пән бірлестік жетекшісі:  Жолдасова А

Хатшы:

 Бекпенбетова Г

## Хаттама №2

қараша, 2023 жыл

### Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы

Қатысуға тиісті – 10 мұғалім

Қатысқаны – 9 мұғалім

#### Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсанның қорытындысы, ТЖБ қорытындысын талқылау.
2. «Сын тұрғысынан ойлаудағы диалогтік оқытудың маңызы» Баяндама Бекпенбетова Г
3. Бастауыш сыныптар арасында Апталық өткізу туралы жоспар түзу
4. Өзара тәжірибие алмасу Сабаққа ену.

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестігінің жетекшісі Жолдасова А бірінші тоқсанның жиынтық бағалау қорытындысымен таныстырды. Сонымен қатар алдағы екінші тоқсанда оқушылардың білім деңгейін көтеруге, қатесіз жазуға оқушыларды дағдыландыру керектігі, жұмыстың таза, ұқыпты жазылуына мән беру керектігі, жазу көркемділігінің сақталуын қадағалау қажеттігі ескертілді.

**Екінші** мәселе бойынша «Сын тұрғысынан ойлаудағы диалогтік оқытудың маңызы» тақырыбында Бекпенбетова баяндама оқыды. Сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясының бағалау түрлері, тренинг, ойын түрлеріне жеке тоқталып, диалогтық оқыту мен топтық жұмысқа баса назар аударуымыз керек екенін дәлелдеп берді.

**Үшінші** мәселе бойынша Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша балаларды бағалауда көптеген өзгешеліктер бар екендігіне тоқталды. Бағалаудың түрлері мен электронды журналмен жұмыс жасау үлгісін көрсетілді. Оқушыларды сауатты оқуға, жазуға үйретуіміз қажет. Бастауыштар арасында өтетін апталықты жылдағыдай бір сарынды емес ерекше етіп, көрнекілікпен өткізу туралы айтылды. Жоспар құрылды.

**Төртінші** мәселе бойынша ағымдағы мәселелер ортаға салынып талқыланды.

Өзара тәжірибие алмасу, сабақтарға ену қажет. Әдіс-тәсілдерін көріп, жалпы тәжірибие алмасып отыруымыз қажет.

Барлық тапсырылған жұмыстардың өз уақытында орындалуы, іс-қағаздардың жүйелі жүргізілуі, оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп ережесін сақтауы туралы, баспасөзге жазылу мәселелері айтылып, ескертілді. Оқушылардың пәндік олимпиадаға, ғылыми жоба жұмыстарына даярлық жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырылуы айтылды.

#### Ақбастау жалпы орта мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы қаулы етеді:

1. Бірінші тоқсанның қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Оқулықтардың таза, сапалы ұстап-тұтылуы сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
3. Апталық дұрыс жоспарланып, іске асырылсын
5. Мұғалімдерге берілген тапсырмалар уақытылы, сапалы орындалс

Бастауыш пән бірлестік жетекшісі:  Жолдасова А  
Хатшы:  Бекпенбетова Г

Хаттама №3  
қаңтар, 2021 жыл

**Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің  
бастауыш пән бірлестігінің отырысы**

Қатысуға тиісті – 10 мұғалім  
Қатысқаны – 10 мұғалім

**Күн тәртібінде:**

1. Екінші тоқсанның қорытындысы, ТЖБ-дың анализі.
2. Мектепшілік пән олимпиадасының материалдарын дайындау, өткізу.
3. Түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру
4. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестігінің жетекшісі Жолдасова Айнурға екінші тоқсанның жиынтық бағалау қорытындысымен таныстырды. Сонымен қатар алдағы үшінші тоқсанда оқушылардың білім деңгейін көтеруге, қатесіз жазуға оқушыларды дағдыландыру керектігі, жұмыстың таза, ұқыпты жазылуына мән беру керектігі, жазу көркемділігінің сақталуын қадағалау қажеттігі ескертілді.


**Екінші** мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімдері мектепшілік пән олимпиадасының дайындаған материалдарын ортаға салды. Жұмыстар тексерілді. Әр сыныптың дарынды оқушыларын анықтап, мектепшілік олимпиада өткізілетіндігі айтылды. Сондай-ақ үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын арттыруда қандай жұмыстар атқару тиімді екендігі туралы ой тасталды. Қабілеті төмен балалардың деңгейіне қарай күнделікті тапсырмалар беру, сабаққа қызығушылығын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өту ұсынылды.

**Үшінші** мәселе бойынша балалардың түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін не істеу қажет? Қазіргі балалар оқу жылдамдығы жақсы болғанымен, мәтінді түсініп оқуда қиындықтар кездеседі. Оның алдын алу мақсатында сурет бойынша әңгімелеу, видеороликтер көрсету, рөлге бөліп оқыту сияқты әдіс - тәсілдерді қолдану қажет. Осы тұста мұғалімдер өз шеберліктерін ортаға салып нәтижелермен бөлісті. Тиімді тәсілдер ұсынылды.

**Төртінші** мәселе бойынша ағымдағы мәселелер ортаға салынып талқыланды. Барлық тапсырылған жұмыстардың өз уақытында орындалуы, іс-қағаздардың жүйелі жүргізілуі, оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп ережесін сақтауы туралы, баспасөзге жазылу мәселелері айтылып, ескертілді. Оқушылардың пәндік олимпиадаға даярлық жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырылуы айтылды.

**Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы  
қаулы етеді:**

1. Екінші тоқсанның қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Мектепшілік пән олимпиадасы өткізілсін.
3. Оқушылардың түсініп оқу дағдысын қалыптастыруда, тиімді әдіс-тәсілдер қолданылсын.
4. Интерактивті тақта мен техникалық құралдар арқылы сабақтар жүргізу толық қолға алынсын.
5. Мұғалімдерге берілген тапсырмалар уақытылы, сапалы орындалсын.

Бастауыш пән бірлестік жетекшісі:  Жолдасова А.  
Хатшы:  Бекпенбетова Г.

## Хаттама №4

наурыз, 2024 жыл

### Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы

Қатысуға тиісті – 10 мұғалім

Қатысқаны – 10 мұғалім

#### Күн тәртібінде:

- 1.3-тоқсандағы оқушылардың білім сапасы мен БЖБ, ТЖБ жазба жұмыстарының қорытындысын талқылау.
2. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы, аудандық пән олимпиадасына оқушылары дайындау.
3. 3,4-сыныптардан жазба жұмыстарын алу, өзара тексеру.
4. Бөйге-білім танымдық сайысының қорытындысы.
5. Тамыз пед.оқуына ұсынылған баяндаманы тыңдау, талқылау

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша бастауыш әдіс бірлестігінің жетекшісі Жолдасова Айнуір үшінші тоқсанның жиынтық бағалау қорытындысымен таныстырды. Сонымен қатар алдағы үшінші тоқсанда оқушылардың білім деңгейін көтеруге, қатесіз жазуға оқушыларды дағдыландыру керектігі, жұмыстың таза, ұқыпты жазылуына мән беру керектігі, жазу көркемділігінің сақталуын қадағалау қажеттігі ескертілді.

**Екінші** мәселе бойынша Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы, аудандық пән олимпиадасына оқушылары дайындау.

Бастауыш сынып мұғалімі Құрманбаева Р. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысын айтып өтті. Қатесіз жақсы орындаған оқушыларды саралап, балалармен дайындықты күшейту керектігі айтылды. Аудандық пән олимпиадасына оқушыларды дайындау, нәтиже көрсету керектігі айтылды.

3-4 сыныптардан алынған жазба жұмыстарына тоқталып, өзара тексеру талдау жасалды.

Сыныптар арасында Бөйге-білім танымдық сайысының қорытындысы айтылды. Математикалық сайыста қандай оқушылар алға шығып жатқан оқушылармен тағы қандай ойын сабақтар өткізуге болады? Балаларға қызықты тапсырмаларды көбірек бере отырып, қызығушылығын және белсенділігін арттырамыз деді.

**Келесі мәселе бойынша** Тамыз пед.оқуына ұсынылған баяндаманы тыңдау, талқылау Тамыз пед.оқуына биыл Бекпенбетова баяндама дайындап жатыр. Баяндама тыңдалды. Мұғалімдер талқылап, өз ойларын ортаға салды. Баяндаманы тамыз оқуына ұсынуға болады деп шешім шығарды.

Ағымдағы мәселелер ортаға салынып талқыланды.

Барлық тапсырылған жұмыстардың өз уақытында орындалуы, іс-қағаздардың жүйелі жүргізілуі, оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп ережесін сақтауы туралы, баспасөзге жазылу мәселелері айтылып, ескертілді. Оқушылардың пәндік олимпиадаға, ғылыми жоба жұмыстарына даярлық жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырылуы айтылды.

#### Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің бастауыш пән бірлестігінің отырысы қаулы етеді:

1. Үшінші тоқсанның қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Аудандық пән олимпиадасына дайындық күшейтілсін.
3. Тамыз пед.оқуына Бекпенбетованың баяндамасы ұсынылсын..
4. Мұғалімдерге берілген тапсырмалар уақытылы, сапалы орындалсын.

Бастауыш пән бірлестік жетекшісі: *Жолдасова А*  
Хатшы: *Бекпенбетова*